**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

**Журналистика фвкультеті**

**Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы**

**«Медиакеңістік : зерттеудің негізгі бағыттары»**

пәні бойынша

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пәннің коды: 98430
Пәннің ID:

«7М03215 – Медиакоммуникациялар» білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: магистратура
Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 5

**Алматы-2023**

## 1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Пәннің мақсаты** – магистранттардың медиа кеңістік мәселелерін анықтау қабілетін қалыптастыру, оны барлық медиа мәтіндердің жиынтығы, "дискурсивті" кеңістік ретінде қарастыру. Институционалды салаға, бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесіне және медиа кеңістікті медиа нарық ретінде және адам қызметінің барлық салаларына енетін ғаламдық тіршілік ету ортасы ретінде сипаттауға ерекше назар аударылады.

**Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:**

1.Талдау қызметінің мазмұны мен мәні, оның мемлекеттік БАҚ саясатын жоспарлау мен іске асырудағы, ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті реттеудегі және қоғамдық пікірді басқарудағы рөлін білу.

2. Негізгі принциптерді, әдістер мен тәсілдерді, медиа-кеңістікті талдау тәртібін және зерттеудің тиімділігін анықтау критерийлерін меңгеру.

3. Мемлекеттік БАҚ және қоғаммен байланыс саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруда аналитикалық қамтамасыз ету процесінің негізгі кезеңдерін аша білу.

4. Алған білімдерін медиа-саясат, бұқаралық коммуникациялар және қоғаммен байланыс саласында зерттеу жұмыстарын жүргізуде пайдалана білу.

5. Ғылыми таным әдістемесінің негіздерін игеру.

**Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:**

**Модуль 1. Медиазерттеулер**

1. Медиа зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі ғылыми пән ретінде, оның пәні мен объектісі
2. Медиа зерттеудің тәртібі мен негізгі кезеңдері
3. БАҚ зерттеу әдістері: жіктеу критерийлері
4. Зерттеу нәтижелері және оны қалай өлшеуге болады

**Модуль 2.Талдаудың түрлері**

1.Жүйелік талдау әдісі
2. Салыстырмалы талдау әдістемесі
3. Сандық және сапалық әдістер
4. Аналитикалық бағдарламалық қамтамасыз етудегі когнитивті тәсіл

**Модуль 3. Медиакеңістікті зерттеу**

1. Қоғам және БАҚ теориялары
2. БАҚ бостандығы мен жауапкершілігі: өлшеу координаттары
3. БАҚ жанрлары және медиа мәтіндердің түрлері.
4. Жаңа медиа тұжырымдамалары
5. Аудиторияны қалыптастыру
6. Медиа эффектілер
7. Әлеуметтік-мәдени әсерлер

**Ұсынылатын дереккөздердің тізімі:**

*Негізгі әдебиеттер:*

1. Малышева Е.Г., Рогалева О.С. Методология и методы медиаисследований : учеб. пособие /. - Москва : ФЛИНТА, 2022. — 148 с.
2. Барлыбаева С. Х. Казахстан: информационно-коммуникационная инфраструктура [Текст] : монография / С. Х. Барлыбаева; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2012.
3. Кабылғазина К. Телерадиожурналистика. Алматы: «Қазақ университеті», 2017.
4. Баранова Е.А. Конвергентная журналистика. - М., 2019.
5. Сұлтанбаева Г.С. Бұқаралық коммуникацияның негіздері мен тәжірибесі. Оқу құралы. Алматы: «Қазақ университеті» 2014.

*Қосымша әдебиеттер:*

1. Жалилов Ә. Қазақстандағы практикалық журналистика 3.0. Алматы, «MediaNet» ХЖО ҚҚ, 2017. –167 б.
2. Гороховский А. Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы. Практикалық оқу құралы. Алматы: «MediaNet», 2017. – 105 б.
3. Конвергентная журналистика. Теория и практика.: Бакалавриат пен магистратураға арналған оқу құралы. / Е.А. Баранова. – М.: Юрайт, 2016. – 269 б.
Ғаламтор ресурстары:

1. http://elibrary.kaznu.kz/ru
2. http://www.tns-global.ru/rus/index.wbp
3. http://mediaguide.ru/
4. http://www.grp.ru/
5. http://www.mediascope.ru
6. http://www.admedia.org/
http://www.smi.ru

## 1. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: Жазбаша емтихан: Эссе/ONLINE

**2.1. Емтихан формасы: Жазбаша емтихан:Эссе. Платформасы:** MOODLE ҚОЖ
**2.2. Жазбаша емтихан: Эссенің мақсаты:** өзіндік шығармашылық ойлау және өз ойларын жазбаша мазмұндау дағдысын дамыту. Ол студенттерге ойды айқын және сауатты тұжырымдауға, ақпараттың құрылымын талдаудың негізгі категорияларын пайдалануға, себепсалдарлық байланыстарды ажыратуға, түсініктерді сәйкес мысалдармен нақтылауға, өз тұжырымдарын дәлелдеуге, ғылыми стильді меңгеруге көмектеседі.

**Емтихан тапсыру форматы** – әр магистрант жеке эссе жазады.

**1 кезең. ЖАЗБАША ЕМТИХАН**
**БІЛІМ АЛУШЫ**
1. Оқытушы белгілеген уақытта Moodle ҚОЖ-да авторизацияланады және «Пән бойынша қорытынды емтихан» тапсырмасына қол жеткізеді.
2. Оқытушының тапсырмасын оқиды.
3. Оқытушының тапсырмасын орындайды
4. Moodle ҚОЖ-ға тапсырманы орындау нәтижелерін жүктейді, ол үшін:

4.1 Moodle ҚОЖ-да авторизацияланады,
4.2 «Пән бойынша қорытынды емтихан» элементін ашады,
4.3 «*Тапсырмаға жауап қосу*» пунктін таңдайды,
4.4 файлдарды жүктеу өрісіне өз жұмысын жүктейді,
4.5 «*Сақтау*» түймесін басады, («Тексеруге жіберу»),
4.6 қажет болса, Антиплагиат жүйесінің көмегімен шеттен алып пайдаланудың бар-жоғына жұмысын тексереді. Білім алушыға жазбаша есептің түпнұсқалығын тексеруге 1 мүмкіндік беріледі.

**Жұмыстың пайызы 80 % -дан төмен болмау керек**

**Емтихан екі кезеңнен тұрады:**

– эссе жұмысының және оны іске асыру туралы жазбаша есепті тапсыру – ауызша қорғау басталғанға дейін **24 сағат бұрын** өткізу мерзімі**;**

– **емтихан кестесінде көрсетілген уақыт бойынша эссены** ауызша қорғау.

**Емтиханның бірінші кезеңі – жазбаша эссе жазу:** 60 балл

**Емтиханның екінші кезеңі – эссені ауызша қорғау:** 40 балл

**Қорытынды баға:** 100 балл

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**. ӘР білім алушы өз есебінде кіріспе және негізгі бөліктерді, қорытындыларды, әдебиеттерді жазуы керек.

**ОҚЫТУШЫ**

1. Өткізілген емтихан нәтижесінде оқытушы білім алушылардан ***.docx** құжат түрінде эссені алады.
2. Білім алушылардың қорытынды жұмыстарын тексереді.
3. **Антиплагиат (міндетті түрде)** жүйесінде шеттен алып пайдаланудың бар-жоғына тексереді.

**2 кезең. АУЫЗША ҚОРҒАУ**

**Емтиханның ауызша кезегін өткізуді бақылау**

Оқытушы немесе емтихан комиссиясы:

Емтихан кестесі бойынша оқытушы веб-конференцияны жоспарлап, білім алушыларға хабарлайды.

1. Барлық қатысушылар конференцияға онлайн қосылғаннан кейін оқытушы:

a. емтиханның БЕЙНЕЖАЗБАСЫН қосады;

b. емтиханға қатысушыларды қабылдайды;

c. бейнежазбаның жүріп жатқандығы туралы ескертеді;

d. емтиханның регламенті туралы хабарлайды.

2. Білім алушы веб-камерада және/немесе өз экранын көрсете отырып (егер жобаны презентация ретінде көрсету сатысымен қорғау көзделсе) өз жұмысын қорғауды жүзеге асырады.
3. Оқытушы білім алушыға оның жұмысының мазмұны бойынша қосымша сұрақтар қояды.
4. Білім алушының жауабы аяқталғаннан кейін оқытушы оған бейнеконференциядан шығуға рұқсат береді және келесі білім алушыны жауапқа шақырады.
5. Білім алушылардың жазбаша жұмыстары мен оларды ауызша қорғауды тексеру негізінде оқытушы білім алушыларға тиісті балл тағайындау туралы шешім қабылдайды.

ЭССЕ МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

ЭССЕНІ БЕЗЕНДІРУ: - Титулдық бет. Аты-жөні, курсы, пән атауы, эссе тақырыбы, - А-4 форматты қағаз. - Шрифт – 14. - Жол аралық интервалы - 1 - Сілтемелер және цитаталармен рәсімдеу. - Қолданылған әдебиеттерді рәсімдеу - Эссенің көлемі - 3-5 бет. - Тек қана WORD-та – те сақталады.

Емтихан алушы емтихан соңында плагиатқа тексеруді міндетті түрде қамтамасыз ету қажет. - Прокторинг (видеожазба) – жоқ.

**Эссе жазу уақыты**: 3 сағатқа дейін созылады. Уақытынан кешігіп жіберілген жұмыстар қабылданбайды. Тиым салынады: ұялы телефон, электронды сағат, наушник, кітаптар, дәріс дәптерлері т.б

Емтиханда ұсынылатын **ЭССЕ тақырыптарының жобасы (әр**

**магистранттың 1 сұрақты жеке таңдауы бойынша:**

1. Қазақстандық медиазерттеу нарығының ерекшеліктері.
2. Коммуникативті ортаның медиа кеңістігінің қызмет етуі мен дамуындағы ғылыми білімнің рөлі.
3. БАҚ талдауын жүзеге асыру тәртібі, негізгі кезеңдері және ақпараттық индустрияны зерттеу ерекшеліктері ғылыми білімнің рөлі.
4. Медиа кеңістігіндегі аналитикалық қызметтің пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері.
5. Байланыс кеңістігін зерттеудің тарихи формалары және олардың сипаттамасы.
6. Медиатұтынуды зерттеу.
7. Медиазерттеулер және олардың мақсаттары.
8. БАҚ аудиториясы және оның ерекшеліктері.
9. Медиа және коммуникацияның техникалық құралдары.
10. Медиазерттеулер және олардың мақсаттары.
11. Медиазерттеулердің түрлері.
12. Медиазерттеудің методологиясы.

13. Медиазерттеудің кезеңдері.
14. Медиатұтынуды зерттеу.
15. БАҚ аудиториясы және оның ерекшеліктері.
16. Медиаға құрылымдық-функционалдық көзқарас.
17. Медиазерттеулердегі жүйелік тәсіл.

## ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

**Пән**: Медиакеңістік : зерттеудің негізгі бағыттары; **Формасы: Жазбаша емтихан:Эссе** online.
**Платформасы:** MOODLE ҚОЖ

| № | Балл / Критерий | ДЕСКРИПТОРЛАР | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттанарлықсыз» | |
| | | 90-100 % | 70-89 % | 50-69 % | 25-49% | 0-24 % |
| 1 | Таңдаған эссе тақырыбы | 1. Теориялық материалдарды білуі мен түсінуі:<br>- Қарастырылатын ұғымдарға сәйкес мысалдар келтіре отырып дәл және толық айқындау;<br>- қолданылған түсініктер тақырыпқа қатаң сәйкес келеді;<br>2. Ақпаратты талдау және бағалау –<br>- талдау санаттарын сауатты қолданады;<br>- ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдау үшін салыстыру мен қорыту тәсілдерін қолдана біледі;<br>- қолданылатын ақпарат кеңістігінің ауқымдылығы (студент сан алуан ақпарат көздерін қолданады); | 1. Теориялық материалдарды білуі мен түсінуі:<br>- Қарастырылатын ұғымдарға сәйкес мысалдар келтіре отырып айқындау;<br>-қолданылған түсініктер тақырыпқа сәйкес келеді;<br>2. Ақпаратты талдау және бағалау:<br>- талдау санаттарын сауатты қолданады;<br>- ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдау үшін салыстыру мен қорыту тәсілдерін қолдана біледі;<br>- қолданылатын ақпарат кеңістігінің ауқымдылығы (студент біршама ақпарат көздерін қолданады);<br>3.Түсінігінің айқындылығы:<br>- Баяндаудың анықтығы мен дәлдігі;<br>- дәлелдердің құрылымдық логикасында бір-екі қателікке жол береді;<br>- әртүрлі көзқарастар мен олардың бағасы | 1.Теориялық материалдарды білуі мен түсінуі:<br>- Қарастырылатын ұғымдарға сәйкес мысалдар келтіріледі;<br>- қолданылған түсініктер тақырыпқа сәйкес келеді;<br>2. Ақпаратты талдау және бағалау –<br>- талдау санаттарын сауатты қолдана білмейді;<br>- ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдау үшін салыстыру мен қорыту тәсілдерін қолдана біледі;<br>- қолданылатын ақпарат кеңістігінің ауқымдылығы (студентсанаулы ақпарат көздерін қолданады);<br>3.Түсінігінің айқындылығы -<br>- Баяндаудың анықтығы мен дәлдігінде аздаған | 1.Теориялық материалдарды білуі мен түсінуі:<br>- Қарастырылатын ұғымдарға мысалдар келтірілген;<br>- қолданылған түсініктер тақырыпқа сәйкес келмейдіі;<br>2. Ақпаратты талдау және бағалау –<br>- талдау санаттарын сауатты қолдана білмейді;<br>- ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдау үшін салыстыру мен қорыту тәсілдерін біршама қолдана біледі;<br>- қолданылатын ақпарат кеңістігінің | Пәннің нені қарастыратыны туралы жалпы түсінігін өз сөзімен жүйелі жеткізе алмайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | - проблемаға өз бағасын береді.<br>3.Түсінігінің айқындылығы -<br>- Баяндаудың анықтығы мен дәлдігі;<br>- дәлелдердің құрылымдық логикасы;<br>- ұсынылған тезистер сауатты дәлелдеулермен көрсетіледі;<br>- әртүрлі көзқарастар мен олардың бағасы беріледі. | беруде айқындылық аз . | ауытқу бар;<br>- дәлелдердің құрылымдық логикасы;<br>- ұсынылған тезистер дәлелдеулермен көрсетіледі; | ауқымдылығы (студент ақпарат көздерін қолданбайды);<br>3.Түсінігінің айқындылығы -<br>- Баяндаудың анықтығы мен дәлдігінде қателіктер бар;<br>- дәлелдердің құрылымдық логикасы айқын емес;<br>- әртүрлі көзқарастар мен олардың бағасын беруде дәлдік жоқ. | |
| | Жазу,<br>APA style | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады. | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады. | Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар. | Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар. | |

**Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:**

Қорытынды баға **(ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К,** мұндағы **%** - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі**, К-**критерийлердің жалпы саны.

**Қорытынды баллды есептеу мысалы**

| **№** | **Балл** / **Критерий** | **«Өте жақсы»** | **«Жақсы»** | **«Қанағаттанарлық»** | **«Қанағаттанарлықсыз»** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **90-100 %** | **70-89 %** | **50-69 %** | **25-49 %** | **0-24 %** |
| **1.** | 1 критерий | 100 | | | | |
| **2.** | 2 критерий | | 75 | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **3.** | 3 критерий | | | 60 | | |
| **4.** | 4 критерий | | | | 45 | |
| **5.** | 5 критерий | 100 | | | | |
| **6.** | 6 критерий | | | | 49 | |
| | **Қорытынды %** | **200** | **75** | **60** | **94** | 200 + 75 + 60 + 94 = **429**<br>**429 / 6 критерийлер = 70**<br>**Қорытынды балл в % = 70** |

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес **«Жақсы»** санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес **«Жақсы» 70 баллға** бағаланатын болады.

**Декан** ______________________________ **Т. Көпбаев**

**Кафедра меңгерушісі** ____________________ **Г. Сұлтанбаева**

**Дәрісқер** ______________________________ **Г. Өзбекова**